


көпес

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ  
20 21 ж. «15» 07  
**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА**  
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді  
БСН 060940003530  
Алғашқы тіркелген күні 2021.12.09

«Қарағанды облысының  
экономика басқармасы» ММ  
басшысының



2021 жылғы «08» 01  
№ 3 бұйрығымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Абай ауданы білім бөлімінің  
«Ақбұлақ» мектеп-бөбекжай» кешені»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**



## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) білім беру және өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылатын заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің «30» қаңтар 2009 жылғы қаулысымен құрылған.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ, мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларының оған қатынасын жүзеге асыратын орган Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы  
мемлекеттік (қазақ) тілде: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Комплекс «школа-ясли-сад «Ақбұлақ» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 100107, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Көксу ауылдық округі, Жартас ауылы, Садовая көшесі, үй № 4, тұрғын емес бөлме № 1.

## 2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

### 3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген азаматтардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;

3) мәдениет деңгейі жоғары, қоғам өміріне бейімделген, тереңдетілген және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және игеруге дайын зияткерлік тұлғаны қалыптастыру болып табылады

4) оқушыларды кәсіптік оқытуға бейімдеуге дайындау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (мектепалды сыныптар) саласында білім беру қызметтерін көрсетеді. Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі.

мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына, Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;



5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді меңгеру;

6) педагог қызметкерлердің мәртебесін әлеуметтік көтеруді қамтамасыз ету;

7) экономика және қоғам қажеттіліктеріне жауапкер білім сапасын бағалауда ұлттық жүйеде қызмет етеді;

8) кредиттік, қашықтық, ақпараттық-коммуникативтік оқытуда жаңа технологияны енгізу және қолдану;

9) білім мен біліктілік негізінде қоғамда әрқайсысына көмектесу үшін жеке мүмкіндікті пайдалану және нарық еңбегінің қажеттілігіне және жұмыс орнында оқыту үшін өзара байланыста қамтамасыз ету, өмір ағысында оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушыларға кәсіби мүмкіндігін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға білім алу үшін арнайы жағдай жасау.

Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес мынадай ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

2) пәндердің арнайы курстары мен циклдерін қосымша оқыту бойынша;

3) жекелеген білім алушылармен жеке тәртіппен оқу жоспары бойынша сағат санынан артық пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу;

4) оқушылармен пәндерді қосымша тереңдетіп оқыту бойынша (Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламаларының шеңберінен тыс).

5) басқа да білім беру қызметтері тегін білім берудің кепілдік ауқымына кірмейді;

негізгі қызметтің орнына ақылы қызметтер көрсетілмейді; мектептің ақылы қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады;

мекеме дамытушы оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу бойынша нысандар мен әдістерді іздестіруді, әзірлеуді, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламалар мен факультативтік курстарды, білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық білім беруді қамтамасыз ететін қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді ұйымдастыратын білім беру ұйымы болып табылады. Оқу процесін ұйымдастыру, басқару осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің Үлгілік бағдарламаларына сүйенеді;



мектеп Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында белгіленген шекте оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады. Білім беру процесін жүзеге асыру үшін мектеп жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді, оны мекеме басшысы бекітеді;

оқу пәндерін тереңдетіп оқыту үшін мекемеге факультативтерге және әр сыныпқа 4 сағат есебінен оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға қаражат бөлінуі мүмкін;

оқыту тілі қазақ, орыс тілі болып табылады;

оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі қамтамасыз етіледі:

1) жеке таңдаумен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланумен

2) мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пәндерді дамытатын жана оқу бағдарламаларын енгізу арқылы жүзеге асырылады;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін меңгеруге, білім алушылардың ойлау қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курстарды енгізу арқылы жүзеге асырылады.

мекеме құрылымы:

1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

2) Әдістемелік Кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпы мектептік ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер; ;

3) сынып-мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі.

білім деңгейлері:

1) бастауыш білім беру (1 - 4-сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт бастауыш сынып оқушысының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және оқытудың оң уәждемесі негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, зияткерлік және музыкалық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту болып табылады. Оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 4 жыл;

"Көркем еңбек" пәнін оқыту, сондай-ақ вариативті компонент сағаттары мектепаралық оқу-өндірістік комбинат базасында жүзеге асырылуы мүмкін. Қосымша білім беруді дамыту шеңберінде "Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығына сәйкес мектептің жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігінің сағаттары қосымша білім беру ұйымдарына берілуі мүмкін;

сағаттар мен сыныптарды беру, сондай-ақ үйірмелерді оқытуға байланысты барлық мәселелерді реттеу "Қарағанды облысы Білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. Мекеме мектептен тыс оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын өткізуге құқылы (мәдениет мекемелері, спорт

ғимараттары, әскери нысандар, зерттеу зертханалары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қосымша білім беру ұйымдары және т.б.).

тиісті контингентті көрсете отырып, сыныптар жиынтығы "Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мекеме басшысы дербес жауапты болады. Сыныптардағы оқушылар саны осы білім беру ұйымына тікелей бөлінетін бюджет қаражаты ескеріле отырып, санитариялық нормативтер сақталған жағдайда қолданыстағы "білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді;

сыныптар тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оқу кезінде кемінде 20 оқушы санымен 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Егер оқу жылы ішінде оқушылар саны 20 оқушыдан кем болса, онда 000

шағын жинақты мектептерде жеке пәндерді оқыту үшін сыныпта 10-16 білім алушы болса топтарға бөлінеді. Аралас не біріккен сыныптар бір сынып-комплект болған жағдайда әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10 адамнан аспау керек. Шағын жинақты мектепте сыныптың толымдылығы 3-10 адам болу керек. Үш не төрт сыныпты қосқан кезде оқу сабағына тиянақсыз кесте жасалынады. Бірінші және мектеп бітіруші сыныптарды қосып оқытуға болмайды;

мемлекеттік мекемеде мектепалды мини-центр толық және толық емес күнмен жұмыс істей алады. Мектепалды мини-центр заңды тұлға болып саналады, сонымен қатар мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімі боп саналады және мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы мақсатында құрылады, олардың ата-аналарына білім ұйымында баланың әлеуметтік бейімделуіне, тәрбие беру мен оқытуда әдістемелік кеңес береді.

мини-центрге балаларды қабылдау мектеп жасына дейінгі балалардың құжаттарын қабылдау ережесі негізінде қабылдайды;

мемлекеттік мекеме оқушылардың денсаулық жағдайына байланысты берілген медициналық қорытындыға сәйкес үйде оқытуды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің нұсқаулығына сәйкес апталық оқу сағаттарының саны бөлінеді, сабақ кестесі құрылады, бұйрық бойынша сабақ беретін мұғалімдердің дербес құрамы айқындалады, өтілген сабақтарға журнал жүргізіледі. Ата-аналар (заңды өкілдері) үйде оқытуға жағдай жасауға міндетті;

оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен каникул саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

Мекемеде келесі жұмыс және сабақ режимі белгіленуі мүмкін: сабақтың бірінші ауысымында басталуы – сағат 8:00 (8:30 немесе 9:00), екінші ауысымда – сағат 13:30 (14:00). Сабақ кестесін мекеме басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабақтар арасындағы үзілістердің



ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабақ кестесінің мәселелері қолданыстағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабақ кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін.

сабақтар арасындағы үзілістер кезінде мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ата-аналардың және жалпыға міндетті оқу қорының қаражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады.

мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді. Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбике қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау органдары (Абай қаласының орталық ауруханасы) жүзеге асырады. Тараптар денсаулықты қорғауға және нығайтуға және аурудың алдын алуға бағытталған мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға медициналық көмек көрсету бойынша өзара ынтымақтастық туралы шарт жасасады.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының талаптарына сәйкес мектеп формасы міндетті. Оны кию тәртібі мен стилі ата-аналар комитетімен немесе қамқоршылық кеңеспен келісім бойынша мекеме басшысының бұйрығымен бекітіледі;

мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну принципін сақтауға міндетті. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

инклюзивті білім беру мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мекеме ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, мекемеде инклюзивті сыныптар ашылуы мүмкін (бір сыныпта ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар екіден көп емес бала оқи алады). Инклюзивті сыныптарда білім алатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім беретін оқу немесе жеке бағдарлама бойынша білім ала алады. Инклюзивті сыныптарда оқитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) түзету сабақтарын өткізеді. Мекемеде лого-пункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопункт ашу "Қарағанды

облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделеді;

мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауға арналған құжаттардың тізбесі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде баланың ата-аналары немесе заңды өкілдері мұғалімді таңдауға құқылы емес. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

мекеме Тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілей отырып, сонымен қатар білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, білім беру ұйымы мен ата-ана (заңды өкіл) арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеу мақсатында орта білім беру ұйымының білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

кәмелетке толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады. Кәмелетке толған білім алушыларды мектептен шығаруға педагогикалық кеңестің шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын, сондай-ақ үлгерімін өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі;

жалпы білім беру процесінің қатысушылары: білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады;

оқушылар құқылы:

- 1) тегін жалпы орта білім алуға;
- 2) әртүрлі қызмет түрлеріндегі ерекше табыстары үшін көтермелеуге;
- 3) медициналық қызмет алуға;
- 4) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 5) қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге құқығы бар.



мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну принципін ұстанады. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

білім алушылар міндетті:

1) мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;  
2) білім алушы мектеп мүлкіне зиян келтірген жағдайда мекеменің мүлкін адал оқуға және ұқыпты қарауға, оның құнын ата-анасымен бірге қалпына келтіруге және өтеуге;

3) мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

4) мекеме белгілеген мектеп формасын киюге.

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылатын мүмкіндіктер шеңберінде оқыту нысанын таңдауға;

2) Қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік пендене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге;

3) мекемемен ынтымақтасуға;

4) балалардың мекемеге баруын қамтамасыз етуге;

5) балаларды оқулықтармен, мектеп керек-жарақтарымен, мектеп формасымен қамтамасыз етуге;

6) сабақтан тыс уақытта, оның ішінде каникулдық кезеңде ата-аналар өз балаларының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиесін ұйымдастыру үшін толық жауапты болады;

7) мекеменің педагогикалық және өзге де қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

Ата-аналар (олардың орнындағы адамдар) мекеменің жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сондай-ақ мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға жауапты болуға міндетті;

мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалық басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;

мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;  
директор жауап береді;



1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруға, білім алушылардың білім сапасына, өмірі мен денсаулығына, білім беру процесі кезінде білім алушылар мен мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтауға құқығы бар;

2) лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген нормативтік актілерді, облыстық және қалалық/аудандық маңызы бар білім беру органдарының бұйрықтарын, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

3) білім алушының жеке басына тән және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны, оның ішінде бір рет қолданғаны, сондай-ақ өзге де өнегесіз теріс қылық жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін;

4) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа тартылады;

тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогикалық қызметпен айналысуға жіберіледі. Жұмысқа адамдар жіберілмейді:

1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жүзеге асырылады.

4) жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді;

мектепті басқарудың бір түрі-педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына: білім беру ұйымының басшысы (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналған білім беру ұйымы

4) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарифтеу тізімдерін және өзге де Қаржы-шаруашылық құжаттамасын келіседі;

8) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарлары мен бас бухгалтерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

19. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес, мемлекеттік мекеменің басшысын Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік пен материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді Қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және құсқаулар берелі;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермедеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) мемлекеттік мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### 5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін оның теңгерімінде құны көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:
- 1) оған құрылтайшы берген мүлік;
  - 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікте
26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.
27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.
28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және тексеріс Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және ұтсаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) мемлекеттік мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### 5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін оның теңгерімінде құны көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікте

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және тексеріс Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.



**7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қолданылып жүрген заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

**8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүзеге асады.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқада негіздермен таратылады.

33. Қарағанды облысының әкімдігі мемлекеттік мекемені қайта құру және таратуды мемлекеттік мекеме «Қарағанды облысы білім басқармасының» келісімімен жүзеге асыралды.


34. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған қалған мекеменің мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражат тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

**9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директор

  
(қолы)

А.Т. Серикбаева

УТВЕРЖДЕН

приказом руководителя

ГУ «Управление экономики  
Карагандинской области»

«08» 01 2021 год

№ 3



**УСТАВ**

коммунального государственного учреждения  
«Комплексе «школа-ясли-сад «Акбулак»  
отдела образования Абайского района управления  
образования Карагандинской области



## Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Комплекс «школа-ясли-сад «Ақбұлақ» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления соответствующих функций, указанных в настоящем уставе.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создается решением местного исполнительного органа области.

4. Учредителем государственного учреждения является: акимат Карагандинской области.

5. Органом управления государственного учреждения является: государственное учреждение «Отдел образования Абайского района» управления образования Карагандинской области.

6. Наименование государственного учреждения на государственном (казахском) языке: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Комплекс «школа-ясли-сад «Ақбұлақ» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.

7. Место нахождения государственного учреждения: индекс, 100107, Карагандинская область, Абайский район, Коксунский сельский округ, село Жартаc, ул. Садовая 4А, Нежилое помещение № 1.

## Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства.

Казахстан. Финансово-хозяйственная деятельность государственного учреждения может осуществляться органом управления государственного учреждения со всеми вытекающими функциями, указанных в настоящей главе и иных правовых актах.

### Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

